



Автор: Алимова Базаргул Габдоловна
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 3-сынып
Бөлім: Уақыт
Тақырып: Түбір және туынды сөз

Түбір және туынды сөз	Түбір және туынды сөз туралы білімдерін тереңдету. Жұрнақ пен жалғауды ажырата білуге дағдыландыру. Жаттығуларды толық меңгерту. Сөздік қорын, тіл байлығын дамыту.
Түбір және туынды сөз	1. Сөздердегі түбір сөз туралы біледі 2. Жұрнақ пен жалғауды ажырата алады. 3. Түбір сөзден жасалған туынды сөзді біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Түбір және туынды сөз (11.11.19)	<p>Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет</p> <p>Үлкенгеде сіз Кішігеде сіз Әдеппенен бас иіп Сәлем бердік біз 1.Үйге берілген жаттығуларды тексеру. Сұрақтар қою. Қай септіктің жалғаулары екенін ажырату. Оқушылар бір біріне ашық сұрақтар қояды. Жаңа сабақпен байланыстыру Тт, тт, Тт, Тт, Тт, Аттады, таңқалдырды, тулақтай, қаттылау, өктем. Осы сөздерден сөйлем құрап жазу. Құраған сөйлемдерінен түбір сөзге жалғанған қосымшаларды ажырату. Жаңа сабақ: Түбір және туынды сөз Ережемен таныстыру. 1-жаттығу: Берілген жаттығуларды көшіріп жазады. Жалғанған қосымшаларды ажыратады. Сөз құрамына талдайды. 2-жаттығу: Берілген сөздердің ішінен Жұрнақ жалғанған сөздерді бір бөлек, жалғау жалғанған сөздерді бір бөлек жазады. Сөз құрамына талдайды. ● Сағат тілімен әдісі бойынша топтар бес түбір сөзден жазады. Стикерге жазылған сөздерді айландырып келесі оқушыға береді. Келесі оқушы оларға қосымша жалғап жазады. 3-жаттығу: берілген сөздерге қосымша жалғап жазады. Осы сөздерді қатыстырып бірнеше сөйлем құрастырып жазады. 4-жаттығу: Мақалдарды оқып, көшіріп жазады. Қосымша жалғанған түбір сөздерді сөз құрамына талдайды. 5-жаттығу Берілген сөздерден сөйлем құрап жазады. Жазған сөйлемдегі қосымша жалғанған сөздерді табады. ● Ыстық орындық әдісі арқылы оқушылар сұрақ қойып, жауап беру арқылы өрмекшінің торын құрады. Рефлексия -Нені білдім, нені үйрендім? -нені толық түсінбедім? Оқушылар критериілер бойынша бір-бірін бағалайды. Қалыптастырушы бағалаулар дескрипторлар негізінде өзін-өзі бағалау, жұпта бағалау және мұғалімнің бағалауы арқылы жүзеге асырылады.</p>	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>Жазулар Микрофон Тапсырмалар, ойындар, флипчарт, маркер. Стикерлер, бағалау парақшалары. Топта бірі-бірі тыңдау. Сыныпта қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>